



Әдістемелік кеңес туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы бөлім

1.1. Бөбекжайдың әдістемелік кеңесі – бұл педагогикалық қызметке шығармашылық тәсілді қалыптастыруға жағдай жасайтын, оқу үдерісіне әдістемелік қолдау жасайтын балабақшаішілік педагогикалық алқалы орган.

1.2. Әдістемелік кеңес тәжірибелі педагог-кәсіпқойлардың консилиумы болып табылады, оқу-тәрбие үдерісінің аса маңызды блоктарына әдістемелік құзіретті ықпал етеді, оның дамуына талдау жасайды, осы негізде оқыту және тәрбиелеу әдістемесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

1.3. Әдістемелік кеңес педагогикалық бастаманың дамуына жағдай жасайды және бұл бастаманы одан ары таратуды жүзеге асырады.

1.4. Бұл Ереже бөбекжайдың педагогикалық кеңесі бекітетін балабақшаішілік жергілікті акт болып табылады.

2. Әдістемелік кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Басымдыққа ие педагогикалық проблемаларды анықтау және тұжырымдау, оларды ойдағыдай шешу үшін бүкіл педагогикалық ұжымның шығармашылық күш-жігерін жұмылдыруға жағдай жасау.

2.2. Балабақшаның әдістемелік жұмысын стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру.

2.3. Педагогтардың педагогикалық бастамасын көрсетуі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2.4. Педагогикалық қарым-қатынасты ынтымақтастықтың адамгершілік ұстанымдарына құратын, оқу-тәрбие үдерісінің педагог-ұйымдастырушысы ретіндегі педагогтың педагогикалық өзіндік санасын қалыптастыруға жағдай жасау.

2.5. Педагогтың кәсіптік-педагогикалық дайындығын жетілдіруге жағдай жасау:

- а) ғылыми-теориялық;
- ә) әдістемелік;
- б) ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын;
- в) педагогикалық шеберлік тәсілдерін.

3. Балабақшаның әдістемелік кеңесінің міндеттері мен құқықтары

3.1. Мектепке енгізуге ұсынылған педагогикалық инновацияларға сараптамалық баға беруді, оларды іске асыру кезінде қажетті әдістемелік көмек көрсетуді жүзеге асыру.

3.2. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

3.3. Педагогикалық кеңестердің отырыстарында қарау үшін ұсыныстар дайындауға белсене қатысу.

3.4. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, олардың Әдістемелік кеңес мүшелері қатысқан сабақтарына талдау жасау.

3.5. Балабақшаішілік әдістемелік бақылау өткізуге қатысу, бұл үшін қажетті әдістемелік құралдар жасау.

4. Балабақшаның әдістемелік кеңесінің құрамы және ұйымдық құрылымы

4.1. Балабақшаның әдістемелік кеңесінің құрамына педагогикалық қызметкерлердің өкілдері кіреді:

4.2. Әдістемелік кеңес қажет болған кезде бұл топтардың төрағаларын Әдістемелік кеңес құрамына біріктіре отырып, әдістемелік жұмыстың әр түрлі бағыттары бойынша уақытша шығармашылық-бастамашылық топтарын құрады.

5. Балабақшаның әдістемелік кеңесінің балабақшаішілік басқару органдарымен өзара әрекеттестігі

Әдістемелік кеңес және балабақша әкімшілігі

1. Балабақша әкімшілігі Әдістемелік кеңестің тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды, оның шешімдерін орындауға жәрдемдеседі, оның педагогикалық ұжымдағы беделін нығайтады.

2. Балабақша әкімшілігі Әдістемелік кеңес мүшелерінің әдістемелік жаңалықтарды енгізуге қатысты құзіреттілігін арттыруға жәрдемдеседі.

3. Әдістемелік кеңес балабақша әкімшілігіне әдістемелік жұмысты жолға қоюға, педагогикалық ұжымда шығармашылық ахуал жасауға көмек көрсетеді.